

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Биология кафедрасы

Ашық сабақ
Ауыл шаруашылық негіздері пәні

Тақырыбы: Мал азықтық жемдік дақылдар

Күндізгі бөлім

Курс: 4

Семестр: 7

Аға оқытушы: Аманова Р.П

Ақтөбе 2017ж

Пәні: Ауыл шаруашылық негіздері

Бөлім: Күндізгі

Курс: 4

Тақырыбы: Мал азықтық жемдік дақылдар

Мақсаты: Студенттерді мал азықтық жемдік дақылдар түрлерімен таныстыра отырып, ауыл шаруашылығындағы маңыздылығын түсіндіру.

Құрал-жабдықтар: Слайд, суреттер

Сабақ жоспары:

1. Мал азығы, жемшөп туралы жалпы сипаттама
2. Мал азықтық дақылдар, олардың негізгі топтары
3. Мал азықтық жемдік дақылдар

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әрінов Қ.К., Можаев Н.И., Шестакова Н.А., Ысқақов М.Ә., Серікпаев Н.А. Өсімдік шаруашылығы практикумы. Астана, 2004.
2. Елешов Р.Е., Смағұлов Т.С., Балғабаев А.М. Агрехимия және тыңайтқыш қолдану жүйесі, Алматы, 2000ж
3. Жанзақов М.М., Мырзабек К.А. Агрономия негіздері. Қызылорда, Тұмар, 2007.
4. Жанзақов М.М., Мырзабек К.А., Кенбаев Б.Қ. Жалпы егіншілік. Қызылорда, Тұмар, 2005.
5. Жаңабаев Қ.Ш. Қазақстанда жиі кездесетін арам шөптер және олармен күрес. Алматы, 1994.
6. Жаңабаев Қ.Ш., Саудабаев Т., Сейітов И. Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы. Алматы, Қайнар, 1994.

Мал азықтық жемдік дақылдар

Жоспар:

- * **1. Мал азығы, жемшөп туралы жалпы сипаттама**
- * **2. Мал азықтық дақылдар, олардың негізгі топтары**
- * **3. Мал азықтық жемдік дақылдар**

* Жемшөп — малды азықтандыру үшін пайдаланатын өнімдер. Олар өсімдіктекті, жануартекті және минералдық болады. Жемшөп құрамында сіңімді қоректік заттар көп. Жемшөпті түсіне, исіне, дайындау әдісіне, т.б. қарап бағалайды. Егіншіліктің негізгі міндеті – мал шаруашылығын әр түрлі жемшөппен қамтамасыз ету. Мұны шешудің негізгі жолы жемшөп дақылдарынан және табиғи жайылымдардан алатын өнімді арттыру үшін кешенді түрде тыңайтқыш қолдану, мелиорация жұмысын жүргізу болып табылады.

Жемшөп сапасын жақсартуда, ең алдымен белок қорын толықтырудың маңызды резерві – құнды жемшөптік дақылдарды өсіру технологиясын жетілдіру, оларды дер кезінде жинау, жаңа сорттарды, тыңайтқыштарды және басқа да тиімді шараларды қолдану жатады.

Мал азығы



* Республикамыздағы егін шаруашылығында малазықтық дақылдар 2,7 млн. га. жерде орналасқан, яғни барлық егіс аумағының 16%-ын алып жатыр. Қазақстанда малдар қорада тұратын кезеңде және жазда үстемелеп азықтандыруға алатын мал азығы үшін жыртылатын жерлерде малазықтық дақылдар өсіріледі, оларды негізгі топтарға бөлуге болады:

1. Біржылдық астық тұқымдастар
2. Көпжылдық астық тұқымдастар.
3. Көпжылдық бұршақ тұқымдастар.
4. Біржылдық бұршақ тұқымдастар.
5. Сүрлем дақылдар
6. Малазықтық тамыржемістілер.
7. Малазықтық бақша дақылдар.
8. Жемазықты дақылдар.

Одан басқа аз тараған және дәстүрлі емес малазықтық өсімдіктер тобын көрсетуге болады.

Көпжылдық бұршақты шөптер

Көпжылдық шөптердің өркендеп келе жатқан мал шаруашылығына берік жемдік қор жасаудағы маңызы зор. Оларды көк азық, пішен, пішендеме түрінде және мал жаюға да пайдаланады. Көпжылдық шөптердің пішенінен жоғары сапалы пішен ұнтағы дайындалады. Біздің елімізде және шетелдерде өсірілетін барлық малазықтық дақылдардың ішінде малазықтық құндылығы мен өнімділігі жоғары болатыны көпжылдық бұршақты шөптер.

Көпжылдық бұршақты шөптердің біржылдықтардан маңызды биологиялық ерекшелігі – бірнеше ұрпақ өркен құрау қабілеті. Көпжылдық бұршақты шөптер – топырақтың жел және су эрозиясына қарсы күресетін маңызды құрал. Көпжылдық шөптерді танаптық, малазықтық және арнайы ауыспалы егістерде пайдаланады. Көпжылдық шөптердің бұршақ тұқымдасынан Қазақстанда таралғаны жоңышқа, түйежоңышқа, қызылбас беде, эспарцет, ал қоңырбас тұқымдасынан – шалғындық бетеге, қылтықсыз арпабас, бидайықтар және т.с.с.

Жоңышка



Эспарцет



* **Көпжылдық астық тұқымдас шөптер**- пішен, пішендеме, көк балауса дайындауға өсіріледі. Бұл топқа жататын негізгі дақылдар еркекшөп, қылтықсыз арпабас, көген тамырсыз бидайық, шалғындық бетеге және т.б.

Біржылдық шөптер пішен - пішендеме, жем азық дайындауға өсіріледі. Бұл топқа жататын дақылдар жасыл конвейердің маңызды шикізат көзі болып табылады. Қазақстанда өсірілетін негізгі біржылдық шөптерге судан шөбі, итқонақ, қонақтары, малазықтық шай жүгері, сұлы, арпа, сиыржоңышқа, асбұршақ т.б. жатады.

Жоңышқа




Қызыл беде




- * **Малазықтық тамыржемістілер** - күзгі-қысқы мерзімде шырынды диетикалық және дәруменді мал азығын дайындауға өсіріледі. Мал азығының рационна тамыржемістілерді қосудан қатты және концентратталған жемдердің қоректілігі (сіңімділігі) жақсарады, малдардың сүттілігі артады, тез қонданады және олардың ауруға шалдығуы азаяды.
- * Бұл топқа жататын дақылдардан біздің елімізде қант қызылшасы, малазықтық сәбіз, шалқант.б жатады. **Аз тараған, дәстүрлі емес малазықтық өсімдіктерге** -жерсіндірілген, табиғи флорадан енгізілген немесе ертеде бұл аймақта өсірілмеген мәдени дақылдар жатады, қазіргі уақытта олар аз өсіріледі

Малазықтық шалқан



Малазықтық сәбіз



*** Мал азығын құрамындағы
су мөлшеріне байланысты жіктеу:**

- 1. Шырынды мал азығы (көк балауса және жасыл балауса мал азығы, сүрлем, тамыржемістілер).**
- 2. Ірі мал азығы (пішен, сабан, пішендеме).**
- 3. Құрама жем азығы (астық, құрама жем және т.б.).**
- 4. Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы өнімдерінің қалдықтары (кебек, күнжара, сүйек ұны т.б.).**

Шырынды мал азығы

* Жасыл балауса мал азығына жайылымдық мал азығы, себілетін көпжылдық және біржылдық шөптер, малазықтық қырыққабат т. б. жатады. Бұл мал азықтары міндетті түрде барлық малдың рационына кіру керек, өйткені жас көк шөп құрамында барлық минералды тұздар, дәрумендер бар, одан соң ол жақсы қорытылады


Жасыл балауса – өте арзан мал азығы. Табиғи малазықтық жерлерде малды жаю әдісі дұрыс ұйымдастырылған жағдайда ең арзан ет өнімін береді. Көптеген аймақтарда пішен, сабан, топан мал азығының рационының негізі, ал қыс кезеңінде барлық малға жем-шөп болып табылады.

Ірі мал азығы

* Пішен оның қоректілігі өсімдіктердің ботаникалық құрамына, шөптердің жиналу мерзіміне, кептіру және сақтау әдісіне байланысты. Гүлдену кезеңінде жиналған бұршақ және астық тұқымдас шөптерден жасалған пішен өте құнарлы болып саналады. Сіңімді протеин мөлшері бойынша жоңышқа пішені кебекке жақындайды, онымен азықтандырғанда рационнан құрама жем азығын қысқартуға немесе мүлдем алып тастауға болады. Әр түрлі шөптерден дайындаған пішен құнарсыз деп саналады, өйткені құрамында құнарлы шөптер арасында улы және зиянкес өсімдіктер болады. Құнарсыз ірі азық мал азығына қияқөлең және елекшөптен дайындаған пішен жатады. Малдар оларды нашар жейді

Пішендеме

- * **Пішендеме дайындауда ғылыми дәлелденген технологияны сақтаған жағдайда, көпжылдық біржылдық және шалғындық шөптерден консервілеу әдісі ең тиімді деп есептеледі. Мал азығы жоғары энергетикалық және протеиннің құнарлылығымен ерекшеленеді: орташа 1 кг пішендемеде 0,35- 0,45 азықтық өлшем болады. Пішендеме 50-55%-ға дейін кептірілген жіңішке сабақты шөптерден дайындалады. Сапалы себілген шөптерден дайындаған пішендеме өте бағалы. Дәруменді шөп ұнын жоғары сапалы дәруменді пішеннен дайындайды**



Сабан

Сүтті мал шаруашылығының қарқынды жүргізген жағдайда және малдардың жоғары өнімін алу үшін рационда сабан болмау керек, бірақ та орташа сауын сүт 2500-3000 кг болғанда сабан мал азығы ретінде берілуі мүмкін. Өте жоғары сұлы, арпа, тары және бұршақ тұқымдас өсімдіктер сабаны бағалы болады. Қоректілігі дәнді астық дақылдардың түріне байланысты. Күздік астық дақылдардың (қара бидай, бидай) сабанында протеин аз, ал жасұнық көп (35-45%). Орташа 100 кг күздік бидайда 20 азықтық өлшем және 0,8 кг сіңімді протеин болады. Сондықтан оның қоректілігі төмен және қорытылуы нашар. Жаздық дәнді-астық дақылдарда орташа 100 кг сұлы сабанында 31,2 азықтық өлшем және 1,2-1,5 кг сіңімді протеин болады. Арпа және тары сабаны қоректілік жағынан сұлы сабанынан кем емес.

Құрама жем азығы

- * Арнайы рецепт бойынша жасалған азықтың майдаланған дайын қоспасы. Қоспа ретінде дән, қатқыл азықтар, өсімдік және шөп ұны, техникалық, химиялық және микробиологиялық өнімдер алынады. Толық рационды құрама жем құрамында малға қажет барлық қоректік заттар бар даяр азық рационы ретінде шығарылады. Концентратты құрама жем — сусымалы біркелкі азық, малға қатқыл, шырынды азықтармен қатар қосымша азық ретінде беріледі. Үстеме құрама жем — құрамында протеин, минерал заттар және витаминдер көп, құнарлы азық. Рацион құрамын теңестіру үшін пайдаланылады. Премикстер — биологиялық белсенді заттардың байытылған қоспасы. Премикстерді құрам жемнің құнарлылығын арттыру үшін және олардың мал организміне биологиялық әсерін күшейту үшін пайдаланады. Құрама жемді азық ұны, балық ұны, жарма, түйіршік, брикет, ұнтақ түрінде өндіреді. Минерал заттар мен витаминдер жағынан теңестіру үшін рационға (оның салмағының 1—5%-ы) қосып берілед

- * Жем — малға азық болатын әр түрлі өнімдер.
- * Жем, қоспа жем - мал азығына жұмсалатын құнарлы азық. Жалпы жемдерге дән мен оның жарма, кебек секілді өңдеу қалдықтары, күнжара мен шрот секілді техникалық өндіріс қалдықтары жатады. Құнарлы жемнің жалпы қоректілігі мал азығы ішіндегі ең жоғары - 1 кг-да 0,9-1,3 азық өлшемі көлемінде келеді. 1 азық өлшеміне келетін протеин мен көмірсулар мөлшері бойынша ж.-ді 1 а.ө.-гі қорытылатын протеині 70-100 г шамасындағы, орнына дені крахмал түрінде жиналған көмірсулары көп энергетикалық жем. (оған астық тұқымдастар дәні жатады) мен 1 а.ө.-гі қорытылатын протеині 200-300 г шамасындағы протеиндік жем (оған бұршақ тұқымдастар дәні мен күнжара, шрот, жануар тектес азықтар жатады) болып бөлінеді.




Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы өнімдерінің қалдықтары

- * Сүйек ұны белоктық-минералды мал азығы. Ет комбинаттары мен утилизауыттарда тамаққа жарамсыз еттен, бекон (қақталған шошқа еті) және консерві кәсіпорындарының қалдықтарынан, теңіз аңшылық флотилияларында теңіз хайуанаттарының ұшаларынан дайындалады. Ет-сүйек ұнының құрамында ұнды жасауға пайдаланған шикізатқа байланысты 30 — 50% протеин, аз мөлшерде май, кальций және фосфор болады. Ет-сүйек ұнының сапасын жоғарылатып, құрамындағы майдың тотықпауы үшін оған антиоксиданттар қосады. Ет-сүйек ұнын, негізінен, шошқа, құс, мамық жүнді аңдарға азыққа және құрама жемге қосып береді.

Кебек

Ұн өндірісінің азықтық қалдығы.

Кебек ұндық дақылдар дәнінің қабығынан, ұсақ қалдығынан тұрады. Дәнмен салыстырғанда құрамында клетчаткасы көп болғандықтан 1 кг жалпы қоректілігі 0,7-0,8 азық өлшемінен аспағанымен, протеинінің аминқыш қылдық құрамы мен әсіресе витаминдері бойынша өте құнды, жеңіл қорытылатын мал азығы. Кебектің диетикалық қасиеттеріне сүйене отырып, бидай кебегін жаңа төлдеп, әлсіреп шөлдеген малға жылы сумен араластырып ішкізеді.



Назарларыңызға рахмет!!!